



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қ., 2025 жылғы 29 мамыр

KASE Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізді

2025 жылғы 29 мамырда «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE, Биржа) акционерлердің жылдық жалпы жиналысын (АЖЖЖ) өткізді. Жиналыс барысында Биржа акционерлері бірқатар шешім қабылдады, соның ішінде:

- «Биржаның 2024 жылғы қызметі туралы» есеп және «2024 жылы орнықты даму туралы» есеп назарға алынсын;
- Биржаның Дивидендтік саясатына енгізілген № 2 өзгеріс бекітілсін;
- «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың 2024 жылы жеке және шоғырландырылған аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін;
- Биржаның 2024 жылғы **15 449 871 мың теңге** сомасындағы таза табысы (пайдасы) төмендегідей бөлінсін: **4 634 961 мың теңге (30%)** Биржа акционерлеріне дивиденд төлеуге бағытталсын, **10 814 910 мың теңге (70%)** Биржаның және «KASE Клиринг орталығы» АҚ-тың резервтік қорларын дамытуға және қалыптастыруға бөлінсін;
 - Биржаның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері **4 310,67 теңге** деп белгіленсін;
 - 2024 жылдың қорытындысы бойынша дивиденд алуға құқығы бар Биржа акционерлерінің тізімі **2025 жылғы 09 маусымда** Алматы уақытымен сағат 00:00-де жасақталсын;
 - дивиденд Биржа акционерлерінің банктік шоттарына аудару арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда төленсін;
- **Биржа жарғысына** енгізілген № 8 өзгеріс пен толықтыру бекітілсін;
- жаңа редакциядағы «Қазақстан қор биржасы» АҚ **Корпоративтік басқару кодексі** бекітілсін.
- **Биржаның Директорлар кеңесі туралы қағидаға** енгізілген № 5 өзгеріс пен толықтыру бекітілсін;
- «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың 2025 жылғы жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу мақсатында «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың **аудиторлық ұйымы «Эрнст энд Янг» ЖШС** болып белгіленсін;
- 2024 жылы «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың және оның қызметі мәселелеріне қатысты лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне акционерлердің шағымы **болмағаны** туралы ақпарат назарға алынсын;
- «Қазақстан қор биржасы» АҚ Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне 2024 жылы төленген **сыйақы мөлшері мен құрамы туралы** ақпарат мәлімет ретінде қабылдандын;
- 2024 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелеріне **жылдық сыйлықақылық сыйақы** төленсін;

Сондай-ақ KASE акционерлері **тәуелсіз директорлар санын 5 адамға дейін ұлғайтып**, Биржаның Директорлар кеңесінің (ДК) мүшелерінің санын 11 адам деп белгіледі.

KASE акционерлері Директорлар кеңесінің екі қосымша мүшесін – Биржаның тәуелсіз директорларын сайлады:

1. Пірматов Бекжан Олжаұлы;

2. Сароян Константин Рафаэлович.

Директорлар кеңесінің осы мүшелерінің – Биржаның тәуелсіз директорларының өкілеттік мерзімі олар сайланған күннен бастап KASE-нің 2026 жылы жылдық қаржылық есебін қарауға арналған Биржаның жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін.

Анықтама үшін:

Пірмагов Бекжан Олжаұлы – «ForteBank» АҚ Басқармасының экс-төрағасы (07.2022-11.2024), «First Heartland Jysan Invest» АҚ Басқарма төрағасы (06.11.2019-13.03.2020), Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ), Principal banker (2016-2018). 2005 жылы Қазақ экономикалық университетін тәмамдап, «Менеджмент» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін алған. 2009 жылы Джордж Вашингтон университетінің Бизнес мектебінде Жобаны басқару магистрі дәрежесін алған.

Сароян Константин Рафаэлович – Еуро-Азия биржалары федерациясының бас хатшысы (2017 жылдан қазіргі уақытқа дейін); Nasdaq OMX Armenia Бас директоры (2011 – 2017); ArmSwissBank Басқарушы кеңесінің мүшесі, Даму және басқару департаментінің директоры (2007–2011), ETS тауар биржасының тәуелсіз директоры (2024 жылдан қазіргі уақытқа дейін); Арменияның Директорлар институты кеңесінің мүшесі (2021 жылдан қазіргі уақытқа дейін). Ереван мемлекеттік университетінің Экономика факультетін бітіріп, бакалавр дәрежесін алған (1995-1999), Ереван мемлекеттік университетінің Экономика факультетін, Қаржы факультетін, магистратурасын бітірген (1999-2001), Ереван мемлекеттік университетінің Экономика факультетін, Қаржы департаментін, Аспирантурасын бітіріп, Экономика ғылымының кандидаты дәрежесін алған (2001-2004), Халықаралық сертификатталған директор, INSEAD, International Directors Program (2020-2021).

Биржаның қаржылық нәтижесі

Биржаның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес келесі қаржылық нәтиже көрсеткіштері тіркелді:

- 2024 жылғы 31 желтоқсанның соңында KASE тобы активтерінің жалпы сомасы – **3 155 251,22 миллион теңге**;
- 2024 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы міндеттемелерінің сомасы – **3 103 826,16 млн теңге**;
- 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша меншікті капиталының сомасы – **51 425,06 млн теңге**, оның ішінде негізгі құралдарды қайта бағалауға бөлінген резерв – **234,55 млн теңге**, резервтік қор – **4 647,15 млн теңге**, жарғылық капитал – **4 189,03 млн теңге** және бөлінбеген пайда – **42 354,33 млн теңге**.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Биржаның клирингілік қатысушылары бойынша міндеттемелерінің сомасы **235 426,63 млн теңге** болды, ол клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналары мен қамтамасыз етулерімен ұсынылған.

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы таза пайда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **3 149,24 млн теңгеге** азайып, **15 449,87 млн теңге** болды.

KASE қор нарықтары

KASE-де 2024 жылы жасалған сауда-саттықтың жалпы көлемі **389,1 трлн теңге** болды, ақша (репо операциялары) нарығындағы көлемнің азаюы есебінен 2023 жылғы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 5,3% немесе 21,7 трлн теңгеге төмендеді. Мәміле саны өсті, 2024 жылы 2,4 млн мәміле жасалды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 73% көп.

Бағалы қағаздар нарығында сауда көлемінің айтарлықтай өсуі байқалды – көлем 12,9 трлн теңгеге дейін 18%, валюта нарығында 38 трлн теңгеге дейін 28% өсті. Ақша нарығында сауда көлемі 9% төмендеп, 338,1 трлн теңгені құрады.

Бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттық көлемі корпоративтік облигациялар секторындағы сауда көлемінің екі есе және KASE жаһандық секторындағы сауда көлемінің 28% артуы есебінен 18% өсті.

2024 жылдың қорытындысы бойынша KASE индексінің мәні 5 578,10 тармаққа дейін 33,2% көтерілді. Акция нарығының капитализациясы 23,0% немесе 6,1 трлн теңгеге өсіп, 32,9 трлн теңгеге жетті. Акция секторындағы жалпы сауда көлемі қайталама нарықтағы сауда көлемінің 17% төмендеуіне байланысты 11% азайды. 2024 жылы «Эйр Астана» АҚ IPO-сы өтті, оның барысында

компания KASE сауда жүйесінде 49,2 млрд теңге тартты, бұл осы компанияның жалпы орналастыру көлемінің 76%-ын құрады.

2024 жылы айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 1,6% немесе 211,5 млрд теңгеге артып, 13,7 трлн теңгеге жетті. Корпоративтік облигациялармен 2024 жылы жасалған сауда-саттық көлемі 4,3 трлн теңгені құрап, 2023 жылдың сәйкес кезеңіндегі осындай көрсеткішпен салыстырғанда 98,7% немесе 2,2 трлн теңгеге көбейді. Облигациялардың қайталама нарығында 2024 жылы жасалған сауда-саттық көлемі 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 31,9% немесе 212,0 млрд теңгеге артып, 876,9 млрд теңгеге жетті.

2024 жылы 32 жаңа эмитенттің бағалы қағаздары листинг рәсімінен өтті.

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде 3,5 млн шот: омнибус-шоттар арқылы есепке алынған 685 мың жеке шот және ұстаушылардың 2,8 миллион брокерлік шоты болды.

KASE стратегиялық есебі

2022–2024 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асырудың аяқталуы маңызды қадам болды. Клиринг және есеп айырысу функцияларын KASE Клиринг орталығына (KACC) беру инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасауға, халықаралық стандарттарды енгізуге және қызмет көрсету аясын кеңейтуге мүмкіндік берді. Клиринг орталығы озық халықаралық бизнес тәжірибелеріне сәйкестендіру және халықаралық деңгейде танылу үшін өз қызметін белсенді түрде жетілдіріп жатыр.

Клиринг орталығының жоғары тиімділігін Томас Мюррей халықаралық агенттігі растап, оған оң болжаммен «А+» операциялық рейтингін берді. Сонымен қатар Клиринг орталығы қаржылық инфрақұрылым бойынша IOSCO-ның барлық 18 қағидатына сай деп танылды, бұл оның сенімділігі мен әлемдік стандарттарға сәйкестігін көрсетеді.

Жылдың басты оқиғаларының бірі KASE мен KACC клиринг орталығының Абу-Даби бағалы қағаздар биржасы (ADX) іске қосқан Tabadul Exchange Hub цифрлық биржа хабына қосылуы болды. Бұл серіктестік жаһандық инвесторлар үшін жетекші қазақстандық компанияларға қолжетімділікті ашып, өтімділікті арттыруға және инвестициялық ахуалды жақсартуға ықпал етті.

KASE Тобы деректерді басқару мен қорғаудың жоғары деңгейін растайтын халықаралық сапа және ақпарат қауіпсіздігі стандарттарына сәйкес сыртқы аудиттен сәтті өтті және ISO 9001:2015 және ISO/IEC 27001:2022 сертификаттарын алды.

Сонымен қатар KASE сауда-саттықтан кейінгі ақпараттың ашықтығы тұрғысынан Еуропалық бағалы қағаздар және нарықтар агенттігінің (ESMA) талаптарына сәйкес келетін сауда алаңдарының тізіміне енді. Бұл мәртебе нарыққа қатысушыларды ЕО реттеушісіне одан тыс жүргізілген операциялар туралы есеп беру қажеттілігінен босатып, шетелдік инвесторларды тартуды жеңілдетеді. Сондай-ақ бұл халықаралық реттеушілер үшін биржалық платформаның ашықтығын арттырады және әлемдік қаржы нарықтарындағы KASE имиджін нығайтуға көмектеседі.

2024 жылы KASE биржалық нарықты дамытуға және оның инфрақұрылымын нығайтуға үлес қоса отырып, қатысушыларға арналған өнімдер желісін кеңейтуді жалғастырды.

2024 жылғы 9 қыркүйектен бастап KASE своп нарығында жаңа қаржы құралы – EUR/USD жұбы бойынша валюталық своп бойынша сауда-саттық ашылды, олармен сауда-саттыққа қатысу позицияға және пайыздық мөлшерлемелердің айырмашылығына байланысты сыйақы алуға немесе төлеуге, своптарды хеджирлеу немесе арбитраж стратегиясының бөлігі ретінде пайдалануға, сондай-ақ своптарды хеджирлеу немесе арбитраж стратегиясының бөлігі ретінде пайдалануға, сондай-ақ осындай сауда-саттықтың күрделі бөлігі ретінде своптарды пайдалануға мүмкіндік береді.

2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап KASE қатысушыларға мемлекеттік бағалы қағаздарды (Securities Lending and Borrowing, SLB) кредиттеу және тарту бойынша операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін теріс мөлшерлемен репо операцияларын бастады.

Сонымен қатар KASE «Бағалы қағаздардың нарықтық бағаларын есептеу әдістемесі» атты жаңа құжатына сәйкес бағалы қағаздардың нарықтық бағаларын есептеуді бастады. Нарықтық бағаны есептеу тек бағалы қағаздар бойынша өтінімдер мен мәмілелердің параметрлеріне негізделеді және осы бағалармен айла-шарғы жасау тәуекелін азайту құралдарын қамтиды, сондай-ақ Биржада бастапқы листингі бар қазақстандық бағалы қағаздар үшін ғана жүзеге асырылады.

Бағалау үшін параметрлер (тапсырыстар мен мәмілелер) жеткіліксіз болған жағдайда, нарықтық баға есептелмейді.

2024 жылы Биржа экологиялық және әлеуметтік бастамаларды қаржыландыру үшін шығарылған орнықты даму облигациялары құнының динамикасын көрсететін ESG индекстерінің сериясын және тіркелген тізімі бар мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының индекстерінің сериясын есептеуді және жариялауды бастады.

2024 жылы KASE алаңында қор нарығы тарихындағы әуе тасымалы саласының алғашқы өкілі «Эйр Астана» АҚ жай акцияларының IPO-сы өтті. IPO өткізу арқылы KASE инвесторлар мен инвестициялардың максималды санын тартуға және қанағаттандыруға қабілетті платформа ретіндегі мәртебесін тағы да растады. KASE-дегі жария орналастыру қорытындысы бойынша KASE-де қанағаттандырылған өтінімдердің жалпы көлемі 49,2 млрд теңгені (108,9 млн АҚШ долларына балама) немесе жергілікті нарықта орналастырылған жай акциялар көлемінің 76%-ын құрады.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорымен ынтымақтастық маңызды қадам болды, бұл шағын және орта кәсіпкерлікке (ШОБ) неғұрлым тиімді шарттармен қаржыландыруды тартуға мүмкіндік берді. 2024 жылы 13,6 млрд теңге сомасында субсидияланған купондық мөлшерлемемен 5 эмитент тартылды. Кәсіпкерлерге арналған 60-тан астам консультативтік кездесу мен дөңгелек үстел өткізілді.

KASE жұмысының тағы бір іргелі бағыты – Қазақстанда ESG стандарттарын ілгерілету. Өзінің стратегиялық мақсаттарының бөлігі ретінде Биржа эмитенттердің ақпаратты ашып көрсету стандарттарын одан әрі жетілдіруді, инвесторлар үшін ESG есеп беру платформасын іске қосуды және қаржы нарығына қатысушылардың ESG туралы хабардарлығын арттыру бойынша жұмысты жалғастыруды жоспарлап отыр. Жұмыстың нәтижесі KASE тізіміне рекордтық шығарылым – жалпы сомасы 549 млрд теңгеге 10 шығарылымды енгізу болды, оның 436 млрд теңгесі орналастырылды. Бұл құралдар орнықты дамуды қолдайтын экологиялық және әлеуметтік жобаларды қаржыландыруды жеңілдетеді.

Жыл бойы Биржа қаржылық сауаттылықты арттыру мақсатында кәсіпкерлерге, жұртшылыққа және БАҚ өкілдеріне оқыту іс-шараларын өткізді. KASE қор нарығының қызметі, сондай-ақ қазақстандық қор нарығында капиталды тарту мүмкіндіктері туралы хабардар ету мақсатында Биржа Business FM радиосында «KASE қор биржасының жаңалықтары» ақпараттық бағдарламасын жалғастырды.

2024 жылы KASE өзінің жаһандық қатысуын кеңейтуге және шетелдік эмитенттер мен инвесторлар үшін қазақстандық капитал нарығының тартымдылығын арттыруға бағытталған халықаралық қызметті белсенді дамытуды жалғастырды.

Халықаралық инвесторларды тарту үшін KASE Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп және Citibank N.A. банкінің қолдауымен Лондонда «Қазақстан: Жергілікті валюталық облигациялар нарығы» («Kazakhstan: Local Currency Bond Market»), сондай-ақ Deutsche Bank банкімен бірлесіп «Қазақстандық үлестік капитал нарығы күнін» (Kazakhstan Equity Capital Markets Day) конференциясын өткізді.

Сонымен қатар 2024 жылғы қазанда А.Алдамбергген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің және жетекші халықаралық серіктестердің ұйымдастыруымен Нью-Йоркте (АҚШ) өткен Kazakhstan Finance Day халықаралық конференциясына қатысты. «Capital Markets From The Prospect Of Financial Services Development» атты іс-шарада ол Қазақстанның капитал нарығын дамытудағы, өтімділікті арттырудағы, шетелдік инвесторларды тартудағы және инновациялық шешімдерді енгізудегі KASE рөлін атап көрсетті.

Өзінің халықаралық ынтымақтастығы аясында KASE кәсіби биржалық бірлестіктерге, атап айтқанда Дүниежүзілік биржалар федерациясына (WFE), Еуро-Азия Федерациясына (FEAS), ТМД Биржалар қауымдастығына (IAE CIS) белсенді қатысты, сондай-ақ аймақтың биржалық нарықтарының өсу мүмкіндіктерін талқылау бойынша онлайн іс-шараларға қатысты және өткізді.

2022–2024 жылдарға арналған Даму стратегиясы аясында стейкхолдерлер үшін құндылықты арттыру корпоративтік басқаруды, ашықтықты және операциялық тиімділікті арттыруды көздейтін маңызды бағыттардың біріне айналды. Есепті кезеңде басқарушылық есеп беру әдіснамасы халықаралық стандарттарға сәйкес жаңартылды және маржалылық пен ұзақмерзімді тұрақтылыққа баса назар аудара отырып, жобаларды бағалаудың заманауи тәсілдері енгізілді. 2024 жылы Биржа капиталдың талап етілетін ең төменгі кірістілігін және эталондарды пайдалануды ескере отырып, жобалардың экономикалық тиімділігін бағалауға қосымша тәсілдер енгізді, бұл KASE позициясы мен нарықтағы болашағын объективті талдауға мүмкіндік берді.

Анықтама үшін

«Қазақстан қор биржасы» АҚ – Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. 2023 жылдың қорытындысы бойынша KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржалары акциялары нарығын капиталдандыру көлемі жөнінен төртінші орында.

Бұл – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және валюта свопы, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы.

KASE – халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалары федерациясының (FEAS), ТМД қор биржалары халықаралық қауымдастығының (МАБ СНГ), Жаһандық орталық контрагенттер қауымдастығының (CCP Global) және басқа халықаралық және ішкі кәсіби ұйымдардың мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның «Тұрақты қор биржалары» туралы инициативасына қатысушы.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237-53-42, pr@kase.kz.